Волейболды отырып ойнау – тірек-қимыл аппараты зақымдалған спортшыларға арналған паралимпиадалық спорт түрі. Бұл спорт түрімен әуесқой, кәсіби және рекреациялық деңгейде айналысуға болады.

Алғаш рет 1956 жылы Амстердам қаласында ұсынылған. 1981 жылы Бонн қаласында он команда қатысқан алғашқы ресми Еуропа чемпионаты өтті. 1983 жылдан бастап ерлер командалары арасында әлем чемпионаттары, 1993 жылдан бастап әйелдер командалары арасында әлем чемпионаттары өткізілуде. 2004 жылы әйелдер волейболы отырып ойнау Паралимпиада ойындарында дебют жасады.

Халықаралық волейбол федерациясы — World ParaVolley (WPV) – волейболды отырып ойнауды әлем бойынша дамытуға жауапты ұйым. 1981 жылы құрылған, бүгінде 70-ден астам елді біріктіреді. WPV әр екі жыл сайын әлем чемпионатын, жыл сайын аймақтық чемпионаттарды және Паралимпиада ойындарына іріктеу турнирлерін өткізеді. Қазақстан әлемдік рейтингте 5-орында және әлем элитасы — А дивизионына кіреді.

Қазақстандағы волейболды отырып ойнаудың дамуы

Қазақстанда бұл спорт түрі 30 жылдан астам уақыт бойы дамып келеді. Алғашқы команда 1988 жылы Алматы қаласында Ауғанстан соғысы ардагерлерінің бастамасымен құрылды. Спорттың одан әрі дамуына классикалық волейбол мектебінің жаттықтырушылары —

Жанибек Сауранбаев, Зангар Джаркешев, Нуралы Кулушов үлкен үлес қосты.

2012 жылдан бастап ұлттық құраманың бас жаттықтырушысы — Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Тахауов Бауыржан.

2018 жылы спортшылар мен жаттықтырушылар бастамасымен

«Республикалық волейболды отырып ойнау федерациясы» қоғамдық бірлестігі құрылды.

2020 жылы федерация мемлекеттік аккредитация алып, «Қазақстан пара волейбол федерациясы» ретінде қайта тіркелді. Қазіргі уақытта еліміздің барлық өңірлерінде — 14 филиал жұмыс істейді.

2022 жылы федерация World ParaVolley ұйымына толыққанды мүше болды.

Волейбол отырып ойнау Қазақстанның барлық аймақтарында дамып келеді, әсіресе Атырау, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында белсенді. Жыл сайын республикалық чемпионаттың 3 кезеңі және ҚР Кубогы өтеді. Олардың қорытындысы бойынша ұлттық құраманың ойыншылары іріктеледі.

Ұлттық құрамада 5 спорт шебері, 17 халықаралық дәрежедегі спорт шебері жаттығады. Қазіргі таңда еліміз бойынша 200-ден астам мүмкіндігі шектеулі азамат осы спорт түрімен белсенді айналысады.

Федерация ҚР Ұлттық паралимпиада комитетімен және Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығымен бірлесе отырып, тұрақты түрде оқу-жаттығу жиындарын, республикалық чемпионаттарды, төрешілер үшін біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырады, сондай-ақ спорттық инвентарь мен жабдықтарды сатып алуды жүзеге асырады.

Федерация штатында мүмкіндігі шектеулі азаматтар жұмыс істейді. Өңірлердегі талантты спортшылар мен жаттықтырушыларды қаржылай қолдауға жыл сайын қаражат іздестіріледі.

Бұл спорт түрі қарапайым ережелері мен қажет инвентарының қолжетімділігімен ерекшеленеді: бір доп, тор және алаң жеткілікті.

Қазақстан ұлттық құрамасының негізгі жетістіктері:

1992 – ТМД чемпионы

1994 – Азия Пара ойындарының чемпионы, Бейжің, Қытай

1996 – Атланта Паралимпиадасы, АҚШ – 8-орын

1999 – Азия Пара ойындарының екі дүркін чемпионы, Бангкок, Таиланд

2002 – Азия Пара ойындарының күміс жүлдегері, Пусан, Оңт. Корея

2009 – Жастар әлем чемпионатының қола жүлдегері, Тегеран, Иран

2010 – Волейбол отырып ойнау бойынша B дивизионының әлем чемпионы, Эдмонд, АҚШ

2014 – Азия Пара ойындарында 4-орын, Инчхон, Оңт. Корея

2017 – Азия чемпионатының күміс жүлдегері, Ханчжоу, ҚХР

2018 – Азия Пара ойындарының қола жүлдегері, Джакарта, Индонезия

2019 – Азия чемпионатының қола жүлдегері, Бангкок, Таиланд

2021 – Токио-2020 Паралимпиадасына іріктеу турнирінің күміс жүлдегері

2022 – Dutch Tournament – күміс

2022 – Әлем чемпионаты – 7-орын, Сараево, Босния және Герцеговина

2023 – Азия чемпионаты – 2-орын

2023 – Азия Пара ойындары – 2-орын

2024 – Париж-2024 Паралимпиадасы – 5-орын

2024 – Клубтық Азия чемпионаты: 1-орын (Атырау), 3-орын (Қызылорда), Ханчжоу

2025 – Азия чемпионы, Ханчжоу, ҚХР

2025 – Әлем кубогының қола жүлдегері, Порт-Уйен, АҚШ

Федерацияның ресми парақшалары

Facebook: https://www.facebook.com/kazparavolley

Instagram: https://www.instagram.com/kazparavolley/

Ойын алаңының сипаттамасы

Волейболды отырып ойнау екі команда арасында өткізіледі. Әр командада – 6 ойыншы. Алаң өлшемі — 10 × 6 м, ортасындағы тордың биіктігі: ерлер үшін 1,15 м, әйелдер үшін 1,05 м. Доп: шеңбері 65–67 см, салмағы 260–280 г. Шабуыл сызығы орталық сызықтан 2 метр қашықтықта орналасады.

Ойыншылардың алаңдағы орналасуы жамбас нүктесіне байланысты анықталады. Ойын барысында спортшылар жамбасынан иығына дейінгі дене бөліктерімен алаңға жанасуға рұқсат етіледі, бірақ орнынан тұруға, денесін көтеруге немесе қадам жасауға болмайды.